

«Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» КММ-нің тәрбие жұмысының 2022-2023 оқу жылындағы атқарылған іс-шаралар жұмысының есебі

«Ұстаздық ету уақыт ұту емес, өзгенің бақытын аялау, өзіңнің уақытыңды аямау. Бірақ бұған өкінбеу керек. Жер үстінде адам тәрбиелеуден асқан абыройлы іс, ардақты жұмыс жоқ. Ұстаздық ұлы нәрсе.»

Зейнолла Қабдолов

Тәрбие - тұлғаны қоғамдық, өндірістік және мәдени өмірге белсене катыстыруға жүйелі де мақсатты түрде бағыттау дайындау үрдісі.

«Мамандандырылған музыка мектеп –интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде тәрбие жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін» басшылыққа алынып жасалған. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылдың 15 сәуірдегі №145 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес және Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері» әдістемелік ұсынымдарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығы жүзеге асырылатындығымен ерекшеленеді.

Тәрбие әдісі - тәрбие міндеттері шешіміндегі көптеген жалпы әдістер жиынтығы мен тәрбиенің өзара әрекеттерін жүзеге асыру.

Тәрбие жұмысының мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Жана демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриот қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту.

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруына ықпал ету.

7. Білім беру ұйымында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету. жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, Денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2022-2023 оқу жылына арналған жоспарда тәрбие саласы бойынша біршама жұмыстар атқарылды.

Онда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары, облыстық білім департаменті, білім бөлімінің нұсқаулары, еңбек заңдылықтары мен нормативтік құқықтық актілері, мектеп ережесі мен жарғысы басшылыққа алынды.

Жыл басында тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер сынып жетекшілерге бөлінді. Оның мақсаты: жұмысты жүйелеу, жауапкершілікті нығайту, әдістемелік материалдарды жинақтау.

Сонымен қатар жол қауіпсіздік ережелерін насихаттау, балалар жарақатын болдырмаудың алдын алу шаралары, өрт қауіпсіздігіне арналған шаралар, ҚР мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану бағдарламасы бойынша іс-шаралар, діни экстремистік көзқарасқа қарсы, терроризмге қарсы жүргізілетін іс-шаралар кеңінен жоспарланды. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуды ұйымдастыру шаралары жасалды.

«Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жалпы 363 оқушы білім алады.

ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізінде мектептің кешенді тәрбие жоспары жасақталып, сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді. Бекітілген тұжырымдаманың 8 бағыты бойынша жұмыс жүргізіліп отырды.

Жоспарланған жұмыстар уақытылы өткізілді. Атап айтсақ:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие. Құқықтық тәрбие.

- Рухани-адамгершілік мәдениет
- Ұлттық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Зияткерлік, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
- Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие



1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

1-қыркүйек. Білім күні. «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»

Мақсаты: Оқушылардың бойындағы Отан сүйгіштік сезім ұялату, Қазақстанды өркендетуге, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.

Тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл.

Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларындағы мысалдан көрініс қойды, өлеңдерін мәнерлеп мақышына келтіріп оқыды.



А.Байтұрсыновтың шығармаларынан бастауыш сынып арасында мәнерлеп оқу сайысы өтіп және 40 мысалынан қойылым қойды.

Оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеу, жан-жақты, сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында мынадай іс-шаралар жоғары деңгейде өтті, атап айтсақ: «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз». Мақсаты: Оқушыларға ұлттық сезім, ұлттық мақтаныш, ұлттық сана, ұлттық парызды әрбір қазақ баласының бойына дарыту.

Оқушыларды туған жерін, елін, Отанын сүйуге патриоттық тәрбие беру.

Оқушылар Тәуелсіз Қазақстан күніне арналған тақпақтарын оқып, өлең айтып, би биледі. Болашақтық тірегі жас бүлдіршіндер өз Отанын сүйетін айқын дәлелдеді.



Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

20 ақпан 2023 жылы 2 «А» және 3 «А» сыныбында «Менің Отаным Қазақстан!» атты ашық тәрбие сағаты өтті. Отанды сүйуге, туған жерді аялауға, қорғауға тәрбиелеу. Оқушылар әр жылдың шежересінен сыр шертіп, Отанға деген өлеңдерін мәнерлеп оқыды. «Күн сәулесі» шуағына Отанға деген сүйіспеншілігін теңеу сөздермен топтастырды. Әр топ кроссворд шешіп жарысты. Оқушылар «Көк тудың желбірегені» өлеңімен аяқтап, «Тілек ағашына» бүгінгі сынып сағатынан алған әсерлерін жазып, кері байланыс жасады.



7«А» сыныбында өткізілген тәрбие сағаттары «Рәміздер мақтанышымыз». Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Балалар топқа бөлініп адами қарым – қатынас түрлерін талқыласты. Сабақ сұрақ жауап түрінде өткізілді.

8 қараша күні «Құқық бұзушылық және жасөспірім». Мақсаты: Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру. Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігі түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйрету болды.

Құқықтық тәрбие мен құқықтық жігерлі сана алдымен отбасынан басталатынын, бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігі жөнінде оқушылар ой бөлісті. Аталған қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіру қажеттігін түсіндіру болды.

Сынып сағаты үш бөлімнен тұрды. Бірінші бөлімде: халық даналығы. Мақал – мәтелдер мағынасын ашу. Екінші бөлімде: сұрақ – жауап. Пікірталас. Үшінші бөлімде: ойлан тап ойыны болды.

Оқушылар: Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін, Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігін түсінді. Құқықтық сауаттылықтың керектігін, өз ойларын еркін айта білді.

«Терроризмнен сақтану жолдары» атты іс – шара
20 ақпан күні мектепшілік сапқа тұру жиынында
«Терроризмнен сақтану жолдары» атты іс – шара
1. Оқушыларға терроризм туралы терең түсінік
мен зардаптарын ұғындыру:



және барлық сыныптарда
өткізілді. Мақсаты:
беру, оның түрлері, себептері

2. Жасөспірімдерге қоғамның әлеуметтік, құқықтық сипаттарын ұғындыра отырып, террорлық, лаңкестік бағытта арандатуға жол бермеу.

Іш – шарада оқушыларды төтенше жағдайларға дайын болуға, одан қалай сақтануға және қорғануға болатыны туралы айтылды. 08.05.2023 ж. «Ұлы ерлік - ұрпаққа үлгі» Мақсаты: Болашақ ұрпақтың Ұлы Отан соғысы жылдары ата-бабаларымыздың асқан ерліктерін, қажымас еңбектерін ұмытпай, олардан үлгі алып, өз еліне, өлкесіне деген сүйіспеншілігін, махаббатын, патриоттық сезімін ояту. Балалар топқа бөлініп адами қарым – қатынас түрлерін талқыласты. Сабақ сұрақ жауап түрінде өткізілді. Балалар сабақта өте белсене қатысып отырды.



01.09.2022 ж 8 "А" сыныбында «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін арттыру.

Білімге ұмтылуға еңбексүйгіштікке, отаншылдыққа арналды. Оқушылардың өз ойларын айтып, кезектесіп еңбекке байланысты мақал мәтелдер айтты. Қазақстанның жетістіктеріне арналған видеоролик көрсетілді. Видеороликке байланысты сәйкестендіру деген сияқты тапсырмалар орындалды. *Сабақ барысында оқушылар Қазақстан Республикасының рәміздерін ерекше қуанышпен, толық мағлұмат айта, Абай Құнанбаевтың “Толық адам” концепциясына түсініктеме берді. Сонымен қатар жолда жүру ережелерін еске түсірді. Тәрбие сағаты өте қызықты және танымды өтті.* 12.12.2022ж. «Тәуелсіздік тұғырым» іс-шарасында: Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, елжандылыққа, ұлтын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге тәрбиелеу. Сынып сағатының барысында 16 желтоқсанның шығу тарихы: олар бұл мерекені қай жылдан бастап тойлай бастады, қандай оқиғалармен байланысты, бұл мереке нені бейнелейді деген сұрақтар талқыланды. Жетістіктері: Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, оқушылар Қазақстан Республикасының рәміздерін мағынасы, олардың авторларын жақсы білетіндері көрініп тұрды.



09.01.2023 Тақырыбы: «Өз құқығыңды білесіңбе?». Жолда жүру ережесі Мақсаты: *Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы білімдерін шыңдау, құқық бұзушылықтан аулақ болуға шақыру.* Сынып сағатының барысында сөзжұмбақтар жасырынды, «мен және менің құқығым» атты сауалнама алынды.

Жетістіктері: Сауалнама «Мен және менің құқығым», нақыл сөздер айтылды, «Балалар құқықтары туралы конвенциясы», «Қазақстан Республикасының баланың құқықтары туралы» заңдарды сауатты білетіндері көрінді. Кемшіліктері: кейбір құқықтарды нақты білмеуі. Сынып сағатының соңында оқушылармен кері байланыс жүргізілді, олар бір-бірлерін тыңдап, өздерінің ойын айта білді.



2023 жылы 17 ақпан күні 8-12 сынып оқушылары Михайловканың ОП полиция капитаны, біздің мектебіміздің инспекторы Д.К. Такенова мен участок инспекторлары Н.А. Муратова және А.С. Бокаевамен кездесті. Кездесу барысында полиция қызметкерлері қазіргі жастардың негізгі мәселелерін, атап айтқанда, нашақорлық, темекі шегу, бұзақылық, қылмыстық құқық бұзушылықтарды талқылады. Мектеп оқушыларына кәмелетке толмағандар тарапынан жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы бейнематериалдар

көрсетіліп, бұл әрекеттердің қандай зардаптарға әкелетіні түсіндірілді. Мектеп оқушылары полиция қызметкерлеріне өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, жан-жақты құқықтық жауаптар алды. Мектептің медицина қызметкерлері балаларды зиянды әдеттердің салдарымен таныстырды: олардың даму үстіндегі ағзаға әсері қандай. Жиын соңында ОП қызметкерлері балалардың оқуда табысқа жетуіне, жауапкершілік пен тәртіпті болуына тілектестік білдірді, сонымен қатар жасөспірімдерді заңсыз құқық бұзушылыққа бармауға шақырды.



Тақырыбы: 15.05.2023 «Ұлы ерлік - ұрпаққа үлгі»

Мақсаты: Болашақ ұрпақтың Ұлы Отан соғысы жылдары ата-бабаларымыздың асқан ерліктерін, қажымас еңбектерін ұмытпай, олардан үлгі алып, өз еліне, өлкесіне деген сүйіспеншілігін, махаббатын, патриоттық сезімін ояту. Балалар топқа бөлініп өзара адами қарым – қатынас түрлерін талқыласты.

01.09.2022 ж 10 "А" сыныбында « Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін арттыру аясында адам құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылды. Отанын, туған жерін қорғай білуге, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата - бабаларымыздың өнгеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, атамекенін көздің қарашығындай сақтай білуге, патриоттық сезімге тәрбиелеуге бағытталды.

Оқушылар сабақ соңында жаңа оқу жылына қойған мақсаттарымен бөлісті.



16.01.2023 ж. 10 "А" сыныбында «Сыбайлас жемқорлық» тақырыбында тәрбие сағатында: 1. “Сыбайлас - жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.

2. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

3. Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

15.05.2023 ж Жеңіс күні және Ұландар күні мерекесіне орай «Ер мен жердің жеңісі» атты тәрбие сағатында: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың

Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға «Жеңі лентасы» тағылды. Сонымен қатар, мереке қарсаңында оқушылар патриоттық диктант жазды.



«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отанишылдық»

Мақсаты: өз еліне, өлкесіне деген сүйіспеншілігін, махаббатын, патриоттық сезімін ояту. Балалар топқа бөлініп адами қарым – қатынас түрлерін талқыласты. Сабақ сұрақ жауап түрінде өткізілді. Балалар сабақта өте белсене қатысып отырды.



13.03.2023 Оқушыларға Ұлыстың ұлы Наурыз мерекесін тойлауы туралы толық мағлұмат беру, халқымыздың салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын үйрете отырып, «Наурыз» Қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету.



12 "А" сыныбында « Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында тәрбие сағатында: Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін арттыру.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығына орай " Қазыбек бидің елшілігі" атты сахналық қойылым. Мақсаты: Оқушыларға Қазыбек би Келдібекұлының өмірі мен шешендігі ,оның халықаралық дәрежедегі- дипломат ,әділ қазы ,қоғам қайраткері болғандығы жайында сахналық қойылым көрсетті.

Өткізген 4"А" сынып оқушылары



3"А" сыныбында, «Алаштың бес арысы»- Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов.

Мақсаты: Оқушыларға алаштың бес

арысын таныстыра отырып, адамгершілік, рухани тәрбиеге тәрбиелеу. Сынып сағатында оқушыларға бес арыстың өмірбаянымен таныстырылып, шағын видеобаян көрсетілді.



06.02.2023 ж. «Еңбекқорлық» атты саптық жиын өтті. Оқушылардың "еңбек" құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбекке қызығушылықтарын арттыру; Балаларға еңбек құндылығы туралы сұрақтар қойылды.Еңбекке қызығушылығын арттыру мақсатында постер жасалып, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу мақал- мәтелдерін балалар кигіз үй шаңырағына топтады. Саптық жиында балалар өз ойларын еркін жеткізіп, қызықты өтті.



1 –мамыр халықтар достасғы күніне арналған «Бейбітшілік –ел тілегі» атты 1-4 сыныптар арасында сынып сағатында: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні; Ынтымақтастыққа, достыққа, өз Отанын

сүюге, қорғауға тәрбиелеу.

Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.



Тақырыбы: Жас ұландар – мақтанышы елімнің! Балаларға 9 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін сезіндіру. Ұлы отан соғысының мазмұнын әңгімелеп, осы соғыста ерлік көрсеткен барытлардың ерліктерін, жыл сайын жеңіс күнінің мерейлі мерекесін бүкіл халық тойлап отыратынын айтып, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың, бүгінде саны азайып қалған майдангерлердің рухына бас ие отырып, Отан қорғауға, Ұлы Отан соғысының батырларының ерлік істеріне тағзым етуге батыл да ержүрек болуға үйрету. Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.



нормаларымен және адамгершілік және қасиеттерін және



Тақырыбы: «Өз құқығыңды білесіңбе?» Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, дәстүрлерімен келісілген рухани-этикалық ұстанымдарын, моральдық көзқарастарын қалыптастыру. 7 қараша

күні «Сыйластығымыз жарасқан» атты 7 «А» сыныбында «Достық», «Өзара сыйластық» ұғымдарының адамгершілік құндылықтары ретіндегі мәнін ашу, тәуелсіздік жайында түсінік берілді. 16 қаңтар күні «Мен елімнің ертеңімін!» атты сынып сағатында жақын адамдарына пайда келтіру мен отбасында өмір сүру қажеттіліктерін қалыптастыру. 5.09. 2022 жылы, «Адамгершілік – басты адами қасиет» мақсатымен, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету бойынша, адамгершілік тақырыбында түсірілген видеоролик көрсетілді. Оқушылар соңғы 3 күнде қанша адамды қуантқаныңызды, жұбатқаныңызды, жақсылық жасағаныңызды, күлдіргеніңізді еске түсірді. Ситуациялық жағдайларды оқушылар талқылады, оқушыларға жапырақтар таратылды. Жапырақтарға сабақтан алған әсерлерін жазып, ағашқа жапсырды.



13.03.23 «Ұлыстың ұлы күні». Мақсаты: Оқушылардың санасына халқына деген мақтаныш сезімін ұялату, ана тілін, оның тарихын, өнерін, мәдениетін қастерлей отырып, дамыта оқытып тәрбиелеу. Халықтың салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету.

Тәрбие сағаты барысы: Ұлттық киім үлгілері, ұлттық тағам түрлері, құрақ көрпе, мақалдар, нақыл сөздер айтылды. Күш сынасу, білектесу ойындары ойналды.

Жетістіктері: Балалар жақсы мен жаман іс - әрекеттерді ажырата білуге үйренді, сөйлеу дағдыларын дамытты.

«23 сәуір — Халықаралық кітап күні» Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Балалар топқа бөлініп, оқушылар оқыған кітаптарының мазмұнымен бір – бірімен бөлісті. 12.09.2022 ж 10 "А" сыныбында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларға “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру; өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу болса, 23.01.2023ж «Адамгершілік-асыл қасиет» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Балаларға асыл қасиет ұғымын түсіндіре, оқушылардың адамгершілік қағидаларын басшылыққа алу, айналадағылармен рухани құндылықтар негізінде қарым-қатынас орнату қабілеттерін қалыптастыру. Адам бойында адамгершілік қабілетін, әдеп нормаларын сақтау әдетін үйрету. Өзін-өзі ізгілікке тәрбиелеу дағдысын қалыптастыру.



12.09.2022 ж 12 "А" сыныбында «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты:

- Оқушыларға “Сыбайлас-жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
- Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту
- Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие.Мақсаты: Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың құндылықтары мен маңыздылығын арттыру.

Тақырыбы: 25 Қазан - Республика күніне орай "Қыран елім-Қазақстаным" тақырыбында бастауыш сыныптар арасында тәрбие сағаттары өтті.Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың



бірі - туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту. Оқушылар патриоттық әндерін орындап, билерін биледі.

Республикалық бірыңғай «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына сынып оқу озаттары мен оқу екпінділері салтанатты түрде ант беріп қабылданды.

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. 3 «А» сынып оқушылары Республикалық бірыңғай «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына сынып оқу озаттары мен оқу екпінділері салтанатты түрде ант беріп қабылданды

17.03. 2023 жыл. " Төрлет, Наурыз !" атты мерекелік іс- шара өтті. Мақсаты: Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың



құндылықтары мен маңыздылығын арттыру. Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесін тойлау рәсімінде ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұрпаққа мирас

еткен асыл мұра қадірін, қасиетін бойға сіңіру, балалардың шығармашылық белсенділігін артып, балалар өз өнерлерін ортаға салды. " Наурыз құтты болсын, "Ақ мол болсын", "Елімізде бейбітшілік болсын "- деп Қыдыр ата бата берді.

Мақсаты: «Алғыс айту», «сыйластық», «құрмет» адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. «Ғажайып алаң» ойынын ойнату.

Міндеттері: - үлкендер мен кішілер арасындағы сыйластықты түсіндіру; - сыйластықты қарым - қатынас жасау іскерліктерін дамыту, - үлкендерді сыйлауға, кішілерге қамқор болуға тәрбиелеу;



12 желтоқсан күні «Тәуелсіздік - тұғырым!» атты сынып сағатында туған ел, Отанға туған елге деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін тәрбиелеу.

Сынып сағаты үш бөлімнен тұрды бірінші бөлімде ой қозғау. Екінші бөлімде бейнефильм «Тәуелсіздік – тұғырым». Үшінші бөлімде сұрақ – жауап.

Оқушылар сабақта белсенділік танытып отырды, қойылған сұрақтарға емін – еркін жауап беріп, мұғалімге кері байланыс жасап отырды.



17 наурыз күні «Нұр себеле ұлыстың ұлы күні» атты мерекелік концерт өтті. *Мақсаты: оқушыларды қазақтың салт – дәстүрін үйренуге, құрметтеуге*

тәрбиелеу болды. Концертке оқушылар белсенді қатысты. әкеліп, ұлттық ойындар ойналды. 3 ақпан күні «Қазақстан сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Көрнекі материалдарды халқының көшпенділік тұрмысын сипаттау. Сынып сағаты үш топқа бөлінді. Екінші бөлімде «Венн диаграммасы» арқылы мәдениетін салыстырып толтырды. Үшінші бөлімде



Қазақтың ұлттық тағамдарын халықтарының мәдениеті» атты зерделеу негізінде қазақ бөлімнен тұрды бірінші бөлімде қазіргі таңдағы қазақ халқының оқушыларға слайд көрсетілді.

16.01.2023 ж. Тақырыбы: Абай Құнанбаев

Мақсаты: Оқушыларды Абай Құнанбаевтың өмірімен, өскен ортасымен, қарасөздерімен, өлеңдерімен, әндерімен, аудармаларымен таныстыру. Шығармаларын түсініп оқуға, танып өсуге баулу, өмірін, адамгершілік қасиеттерін үлгі ету. Сынып сағатының барысында «Абайдың өмірі туралы» оқушылар деректерін айтып шықты. Сабақ барысында оқушылар Абай Құнанбаевқа байланысты өмірі, өскен ортасымен танысып шығып, шығармашылық танымдық тапсырмаларды орындады.

Жетістіктері: Абайдың қара сөздерін оқушылар айтып оқып шықты, өлеңдерімен танысып, адамгершілік қасиеттерін үлгі ала білу керек екенін түсінді. Ұлы тұлғаларды қадірлей білуге тәрбиеленді.

Сынып сағаты танымды және қызықты болды, олар бір-бірлерін мұқият тыңдап, сабаққа

Тақырыбы: «9 – мамыр – Ұлы Жеңіс күні»


Күні: 24.04.2023

Мақсаты: Елбасы мақаласының мағынасын түсіндіру. Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Оларға патриоттық тәрбие беру.

Оқушыларға жеңіс күніне байланысты бейнероликтер көрсетіліп, сұрақ жауаптар қойылды.

. Оқушыларға сұрақ – жауаптар қою арқылы, оқушылар өздерінің ойларымен бөлісті, сондықтан олардың сабаққа қызығушылықтары артты.



19.10.2022ж Республика күніне орай

«Мамандандырылған музыка мектеп-интернатында» 5-11 сыныптарда "Қыран елім - Қазақстаным" тақырыбында диктант алынды.

Мақсат: Мемлекеттің құндылықтары мен қағидаттарын құрметтеу, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту.

- Отанын, туған елін сүйуге тәрбиелеу;
- Мемлекет құндылықтарын, рәміздерін құрметтеуге үйрету.



17.03.2022 жылы 5-12 сынып оқушылары арасында «Наурыз-думан!» атты мерекелік іс-шара өтті.

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт - дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу: Наурыз мерекесінің қазақ даласындаты орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін

ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет- ұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Іс-шарада қазақтың ұлттық тағамдары көрсетіліп, арқан тартыс, қол күрес, асық ату сияқты ұлттық ойындары ойнатылып, ұлттық, ән шырқалып, би биледі. Іс-шара өте қызықты өтті.



10.04.2022 жылы 10 «А» сыныбында «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» атты тәрбие сағаты өтті.

I. Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін нығайту.

Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту.

II. Оқушының есте сақтауын дамыту, өз ойын дұрыс жеткізуге ынталандыру.

III. Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.



27.02.2023: «Алғыс айту **Мақсаты** Тәрбиеленушілердің жанұяға, ата - анаға, үлкен - кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым - қатынастарын дамыту. 2. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір - бірімен үйлесімді қарым - қатынас жасай білуге үйрету. 3. Елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт - дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру. Бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу.

22.10.2022 жылы Республика күніне арналған «Республика күні-ұлттық мереке» атты мерекелік концерт өткізілді.

-Көрермендерді өз Отанын сүйуге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлеуге насихаттау;

- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу.

Концерт барысында патриоттық әндер шырқалып, оқушылар өз өнерлерін көрсетті, викторина сұрақтарына жауап берді.

19.10.2022ж Республика күніне орай мектебімізде 5-11 сыныптарда "Қыран елім - Қазақстаным" тақырыбында диктант алынды.

Мақсат, міндеттері: Мемлекеттің құндылықтары мен қағидаттарын құрметтеу, қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел бірлігін нығайту.

- Отанын, туған елін сүйуге тәрбиелеу;
- Мемлекет құндылықтарын, рәміздерін құрметтеуге үйрету.

Отбасы тәрбиесі Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету.

1. «Тәрбие отбасынан басталады». Адал - адамгершілік құндылығы туралы өміріндегі мәні туралы түсінік беру; - еңбек - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, адал,



еңбек, "Адалдық», «Еңбек» түсініктерін кеңейту. - еңбектің адам етуге қызығушылықтарын дамыту; шыншыл болуға баулу; жұмыс) кеңейту. Өз жанұясы туралы

Отбасы тәрбиесі (Ата-аналармен

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін әңгімелеуге үйрету.

27.01.2023 жыл "Жүрек жылуы" атты тақырыппен ата-аналар арналған тренинг өтті.

Мақсаты: Ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу, ата-аналарға балаға рухани тәрбие берудегі отбасының рөлі жайлы түсіндіру.

Міндетті: Ата-аналарды өздерінің балаларының жан

1. Әр сынып өз түстерін таңдап, киініп келді.

2. Ата-аналарды нейрожаттығумен кіргіздік.

3. Танысу жаттығу болды "Қызықты сұрақтар" ойыны

4. "Бақыт деген не өзі" ата-аналар өз ойларын бөлісті.

5. "Аяқталмаған сөйлем" ата-аналар өз пікірлерін ортаға

Сергіту сәті: Қағаз оркестрі

6. "Балама қандай жылулық беремін" күн шуағына ата-аналар өз ойларын жазады

7. Психолог: Аманова Альбина Бериковна



дүниесін түсінуге шақыру.

салды.



Тәрбие сағатының тақырыбы: «Ана өмір шуағы»

Тәрбие сағат мақсаты:

1. Балаларға 8 - наурыз туралы

түсінік беру. Жанұядағы ана мен бала арасындағы қарым – қатынасты нығайту. Анаға деген бала махаббатын ояту.



білуге, үйренуге және олардың логикалық ой – өрісін, тіл байлығын, сөздік қорын, ойлау қабілеттерін бала бойындағы өнері мен дарындылығын дамыту.

3. Балаларды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге, анасын сүю арқылы еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу

2. Балаларды ұятқа тән жақсы қасиеттерді

Отбасы тәрбиесі

«Отан- отбасынан басталады». Мақсаты: Ата-ана мен оқушы арасындағы ізгі қарым-қатынастың орнауына ықпал ету. Отбасы құндылықтарын сақтауға үйрету.



Оқушылар тәрбие сағатына белсене қатысып, жаттап келген өлеңдерін мәнерлеп айтып, отбасы туралы қалай түсінетіндерін қағаз бетіне жазып көрсетті. 1 маусым Балаларды қорғау мерекесін сезіну, балалық шақтарын бақытты өткізуге елінің білімді де, тәрбиелі азаматы болуға баулу. Балалардың бір-біріне деген қамқор пейілдерін арттыра отырып, достыққа бірлікке тәрбиелеу.

1 маусым Балаларды қорғау мерекесін сезінді, балалық шақтарын бақытты өткізіп, көп уақытын өз отбастары мен көңілді өткізген сәттерімен бөлісті

асыл



және



құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.



Тақырыбы: «Руханиадамгершілік – қасиет»

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық жалпыадамзаттық Қазақстан Республикасындағы

Оқушылар бірлік тақырыбында бір – бірімен пікір талас маңыздылығы туралы ақпараттар берілді.

28 қараша күні «Тәрбие басы – тал бесік» атты 7-8 сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға тәрбие бесіктен халқының салт – дәстүрлерімен әдеп – ғұрыпының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру. Сынып сағаты отбасындағы қарым – қатынас жайлы пікір талас өткізілді

«Сіз балаңызды қаншалықты білесіз?» (Ата-анамен жұмыс) 9 қаңтар күні «Сіз балаңызды қаншалықты білесіз?» атты 7 «А» сыныбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының негізгі мақсаты: қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата – ана тәрбиесінің әдіс – тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым – қатынас орнату. Сынып сағатына 22



жүргізді. Отбасы «Тәрбие басы – тал бесік» сыныптарында сынып бастау алатынын, яғни қазақ тәрбиелік мәнін ұғындыру, тәрбие, отбасы және

оқушы қатысты. Сынып сағатында оқушылардың Оқушы, мұғалім және ата – ана арасында жағымды қарым – қатынас жасауға, ата – аналардың мектеп өміріне араласуына, өздерінің бала алдындағы жауапкершіліктерін, оларға қажет екендігін сезінуге бағдарлау. Өзара сыйластық, өзара түсіністік, өзара көмек қарым – қатынастарын дамыту, Отбасы – Отанның бір бөлшегі екендігін ұғындырып, оқушыларды ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Сынып сағаты екі бөлімнен тұрды бірінші бөлімде ата – аналарға сауалнама қойылды. Екінші бөлімде жалпылау және ой жинақтау болды. Сынып сағатында алға қойған мақсатқа жетілді, ата – аналар: қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата – ана тәрбиесінің әдіс – тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым – қатынас орнату керектігін түсінді.

Тақырыбы: «Адалдық сағаты»

24 сәуір күні «Адалдық сағаты» атты сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының негізгі мақсаты: Оқушыларға өмірде ата – анаға, досқа адал бола білуге баули отырып, әр адамның адал ісі мен адамдығы көрінетінін білуге тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты үш бөлімнен тұрды бірінші бөлімде жалпы Екінші бөлімде «Адалдық» бейнематериал көрсетілді. сабақты қорытындылады.

Тәрбие сағатында алға қойған мақсатқа жетілді. адал болуды, әр адамның адал ісі мен адамдығы

19.09.22ж.«Отбасы алтын дінгегім» 8 «А»

Балалардың отбасы, жақын туыс құндылықтары туралы түсінігін кеңейту.

балаларды ынтымақ пен ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу. Көрнекіліктер: интерактивті тақта.Тәрбие сағатының барысы: Оқушыларға «Ассоциация», «Бұл кім?», «Туыстық атауларын атау», « Мақал-мәтелдерді аяқтау» сияқты тапсырмаларды орындады. Отбасындағы жағдайлар жағдаяттық сұрақтар қойылы, оқушылар өздерінің пікірлерімен бөлісті. «Соқыр ана» жазбасын тыңдау арқылы ой толғау болды.

28.11.22ж Тәрбие сағатының тақырыбы: «Тәрбие отбасынан басталады». Ұрпақ тәрбиесінде ата - бабамыздың ұстаған жолын, баланың отбасындағы орнының жоғары бағалағандығын паш ету, бала тәрбиесіне байланысты салт – дәстүр, мақал – мәтелдер, нақыл сөздерді пайдалана отырып, оқушыларды үлкендерді сыйлауға, кішіге көмектесуге баулу.

«Отбасым- бақыт мекенім»

Тәрбие сағатының мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның моделін дайындау;



ақпарат беріп, оқушылардың ойларын білу. Үшінші бөлімде сұрақ – жауап арқылы

Оқушылар өмірде ата – ана, достарына көрінетінін үйренді.

сыныбында өткізілді. Мақсаты :

адамдарын сүю, отбасылық қарым - қатынас

Отбасы- Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып,

Тәрбие сағаты барысында оқушылар топқа бөлініп, топтық жұмыс жасады. Топтар сөзжұмбақтар шешті, мақал-мәтелдердің жалғасын тапты, бейнероликті көрді. Барлық оқушылар сынып сағатына белсенді қатысты. Тәрбие сағатының соңында кері байланыс нәтижесінде тәрбие сағаты танымды және қызықты өткенін байқауға болады. Жетістіктері: Барлық оқушылар белсенді қатысты, сыни ойлау қабілеті дамыды.

Сынып сағатының соңында оқушылармен кері

байланыс

жүргізілді.



тәрбиесі» атты сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс - қимыл, жүріс - тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан - жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани - адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Жеке бас гигиенасын сақтауға, әдепсіздік пен азғындық жолға түспеуге тәрбиелеу.

06.03.2023 ж «Қыз тәрбиесі-ұлт

17.04.2023 ж 10 «А» сыныбы «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: а) Ата-аналардың үлгісі негізінде оқушыларды ата-аналарын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. ә) Ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы ынтымақты нығайту. б) Халқымыздың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі арқылы оқушылардың бойында асыл да адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру. 19.09.2022 *«Тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы».*

Мақсаты: Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір - біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата - ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата - ана екенін түсіндіру. Балаларға бейне роликтер көрсетіліп, сұрақ жауаптар қойылды.



Оқушыларға сұрақ – жауаптар қою арқылы, олардың сабаққа қызығушылықтары байқалды.

16.01.23ж. «Отбасы алтын бесік»» («Абай «Толық адам»)

Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ана жауапкершілігін арттыру. Қоғамда қиын бала болдырмау үшін ата-ана мен мұғалім арасында үйлесімді жұмысты жолға қою. Ата – аналардың бала тәрбиесіндегі ролі және негізгі психологиялық себептері туралы түсініктерін кеңейту.



Оқушылар Абайдың шығармаларынан адамның адами қасиеттеріне не жатататынын анықтады, жалпы адам болу деген қалай деген сұраққа жауап іздеді. Ол үшін тәрбиенің орны ерекше екенін атап, ерекше тоқталып кетті.

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру

19.09.2022ж 12 «А» сыныбында сынып ата-аналарымен "Оқушының міндеті мен құқығы" тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста ата-аналар комитеті, қамқорлық кеңесі сайланды. Ата-аналар оқушының құқығы мен міндеті туралы білімдерін жаңартты және де "Бала тәрбиесіндегі басты ұстанымымен" бөлісіп, өзара тәжірибе алмасты. Ата-аналар жауапкершілік танытып, жиналыста белсенділік көрсетті.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мектебімізде «Күзгі жәрмеңке» өтті.



Оқушылар және ата-аналары бұл жәрмеңкеге белсене ат-салысты. Мектеп оқушылары жәрмеңкеде ата-аналарымен бірге түрлі тағамдар дайындап, жасап алып келген қолөнерлерін де жасап әкеліп сатты. Мектеп оқушыларына өткізілген жәрмеңке ұнады.

Мақсаты: Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруінің көпмәдениетті ортасы ретінде құру, тұлғаның қоғамдағы жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, оның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту. «Қонақ күте білеміз бе?». 2. Әдеп ережесі «Үлкенге құрмет. Кішіге міндет». 3. **Ұялы телефонның пайдасы мен зияны**



28 ақпанда 1 «А» сыныбында «Құстар біздің досымыз» атты тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Құстар, жыл құстары туралы түсінік беру. Құстар туралы жұмбақтар шешу арқылы қызығушылығын арттыру, құстарды қорғауға баулу. 1 сынып оқушысы Мұстафа Аяжан «Көктем» ролінде ойнап, оқушыларға жұмбақ жасырды.

Оқушылар құстарға арналған тақпақ, мақал-мәтел-нақыл сөздер айтты. Боранқұл Ақлима көгершін ролінде болып, оқушыларға өз тапсырмасын ала келді. «Ұшты, ұшты» ойынын ойнап, «Ақ көгершін» биін биледі. Оқушыларға

викториналық сұрақ – жауап қойылды. Артынан оқушылар өздері жасаған ұяларын көрсетіп, кері байланыс жасады.



Ең Бастауыш сыныптар арасында “12 сәуір-Ғарышкерлер күні” мерекесі қарсаңында “Ғарыш әлемінде” атты саптық жиынды 2”а” сыныбы өткізді. Мақсаты: Балалардың

көңіл күйін көтеріп, қиялын дамыту. Оқушылар жұмбақ шешу арқылы тақырыпты ашып, “Ғарыш” айлағы көрінісін көрсетті.

Ғарыш -аспан әлемі, космос туралы тақпақтарын оқып, ғарышкерлер туралы сұрақтарға жауап берді.

Қасым Аманжоловтың “Ұшқыш болғым келеді” өлеңімен аяқталды. Өз қолдарымен жасаған Ғарыш кемелеріне, аспан жұлдыздарына балалар қызықтап қарап, оқушыларға ерекше мереке сыйлады.



Тақырыбы: «Табиғатты



аялайық!»

Мақсаты: Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту. Шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін,

ойлау қабілетін дамыту,

өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.:

Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүюге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру, Табиғат-Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу. Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініп, шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін, , өз ойларын еркін жеткізе білді және өздері де гүл отырғызып, топырақты қопсытып, ата-аналары мен жұмыла көмектесті.



Тақырыбы: «Қазақстан бірлігі мол ел». Мақсаты: Тұлғаны

ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. 5.12.2022ж. күні «Нашақорлыққа жол жоқ» атты сынып сағатының мақсаты: Жас желектей жайқалып өсіп келе жатқан жас жеткіншектеріміздің санасына ішімдік, темекі, нашаның адам баласын аздыратынын, одан аулақ болу жақтарын мысалдармен дәлелдеп түсіндіру. Салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Сынып сағаты бес бөлімнен тұрды бірінші бөлімде ой қозғау. Екінші бөлімде бейнефильм «Ұрпақ шежіресі». Үшінші бөлімде топпен жұмыс. Төртінші бөлімде топтастыру. Бесінші бөлімде «Біз болашақ салауатты, тәрбиелі білімді жас ұрпақпыз!».

Сынып сағатында алға қойған мақсатқа жетілді, оқушылар: жас жеткіншектеріміз санасына ішімдік, темекі, нашаның адам баласын аздыратынын, одан аулақ болуды түсінді.

27 ақпан күні «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» атты барлық сыныптарда іс-шара болды. Мақсаты: ұялы телефонды пайдалану туралы ой – пікірлерді білу, ұялы телефонның денсаулыққа әсерін түсіндіру. Сынып сағатында оқушылар өздерінің денсаулықтарына өздері жауапты екенін, ұялы телефонмен сөйлесу әдебін дағдыға айналуды үйренді. Өзара пікірлесе отыра, ұялы телефонның артықшылығы мен кемшіліктері туралы білді. 3 мамыр күні «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз» атты іс-шара оқушылардың жолда жүру ережесі, жол белгілерінің түрлері жайында білімдерін толықтыру. Жол қауіпсіздік ережелерін есте сақтауға, орындауға баулу. Ой-өрісін дамытып, түсініктерін кеңейту. Оқушыларды көшеде дұрыс жүріп- тұруға, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу. Сынып сағатында оқушылар жолда жүру ережесі, жол белгілерінің түрлері жайында білімдерін толықтырды. Жол қауіпсіздік ережелерін үйренді. Ой – өрісін дамытып, түсініктерін кеңейтті. Көшеде дұрыс жүріп – тұруды, жол ережесін сақтауды үйренді. 26.09.22 ж «Су- тіршілік көзі». Балаларға су туралы түсінік беру және судың қажеттілігін, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы туралы түсіндіру. Судың табиғатта баға жетпес сый екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту.

Барысы: Дидактикалық ойын: "Су кімдерге немесе нелерге қажет?" Ойынның шарты: Суды қажет ететін заттарды табу болды. Мысалы: гүл, балық, жануар, кітап, қалам, адам т. с. с. Балалар ойынға белсене қатысты. Кейін балалар су туралы кім қандай мақал - мәтелдер, тыйым сөздерді баяндады. 05.12.22 ж. «Менің мамандығым менің болашағым». Мақсаты: мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру, мамандықтарды талдай және таңдай білуге үйрету; Оқушылар топтық жұмыс жасау арқылы «Әріпті мамандық»- ойынын ойнады. Психологиялық сәт жасалды «Психогеометрия»- өзін - өзі тану. Оқушыларға мамандықтар туралы пайдалы мәлімет берілді. «Ең жақсы» ойынын ойнады.

Жетістіктері: мамандық әлемі туралы ақпарат алды, мамандықтарды талдай және таңдай білуге үйренді.

26.09.2022ж «Табиғатты аялайық!» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушылардың қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру; дүниетанымдарын кеңейту; табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу. 06.02.2023 ж «Қоқысты қайта өндіру мүмкін бе?» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушылардың қоршаған ортаға, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру;



дүниетанымдарын кеңейту; табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

24.04.2023 ж 10 «А» сыныбында «Жасыл –ел жасыл әлем» атты тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Өскелең құштарлығын қалыптастыру және

қоршаған ортаны табиғатты қорғауға оқушыларды тәрбиелеу. Сонымен қатар оқушылар сенбілікке шықты.



10.10.2022ж. Иmandылық тәрбие негізі (Абай "Толық адам")

Мақсаты: Балалардың туған жер, туған ел туралы түсініктерін кеңейту, білімдерін арттыру; Баланың бойына адамгершілік, кішіпейілділік, адами қасиеттерді дамыту;

Оқушыларды әдептілікке, әдемілікке, сыпайылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу;

Оқушыларғы видео ролик көрсетіліп, сұрақтар қойылды. Сабақ барысында ақпараттық құралдарды қолдану Мақсаты: Оқушыларды жас кезінен бастап жұмысқа, шаршамауға, қиындыққа төзуге дағдыландыру қиындық тудырды. Оқушылар сабаққа белсене қатысып, бір – бірінің ата – аналарының жұмыс орындарымен таныстырды. 13.02.2023ж. «Еңбек бәрін жеңбек» . Оқушылар өздері де жалқаулықтың адам өмірінде жаман екенін біледі. Оны мысал ретінде аңыз әңгімелерді айтып шықты.

Ал керісінше, еңбек еткен адамның өмірі бақытқа толы, жайлы, қызықты екенін айтты.

6.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

жиында еліміздің Әнұраны орындаумен ашылды. 3"А"сынып оқушылары 1 -ші қазан қарттар күніне арналған " Қарияға бас иеміз " атты тақырыппен ашып, қарияларға арналған тақпақтарын айтты.Сонымен бірге "Ұлағатты - ұстаздар" күні мерекесіне оқушылар өлеңдері мен ұстазға арналған тақпақтарын айтып, әндерін шырқады.



Тақырыбы: «Тілім менің тірегім»

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық

құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан

Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Оқушылар сабаққа белсене қатысып, бір – бірінің ата – аналарының жұмыс орындарымен таныстырды.



14 қараша күні «Сөйлеу мәдениеті – ел мәдениеті» атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың сөйлеу мәдениеті туралы алған білімдерін жетілдіру. Оқу – танымдық бағдарлы құзыреттілігін арттыру мақсатында ситуациялық сұрақ, дидактикалық ойындарды оқушыларға ұсыну. Мәтінді дұрыс оқып, әдемі жаза білуге үйрету. Сынып сағатында оқушыларды үлкенді сыйлауға, құрмет көрсетуге, дөрекі сөздер айтпауға тәрбиелеу. Адамгершілік қасиеті жоғары болуға тәрбиелеу. Сынып сағаты ситуациялық жағдаяттардан тұрды.

13 ақпан күні «Еңбек бәрін де жеңбек» атты барлық сыныптарда сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Еңбек - адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру, еңбек етуге деген қызығушылықтарын ояту, дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 15.05.2023ж. «Дұрыс тамақтану» атты сынып сағаты атты сынып сағаты өткізілді. Дұрыс тамақтану ережесімен танысады. Тамақтану пирамидаларын құра алады. Пайдалы және зиянды тағамдар туралы біледі. Сынып сағатында алға қойған мақсатқа жетілді, оқушылар: дұрыс тамақтану ережесімен танысты. Тамақтану пирамидаларын құрды. Пайдалы және зиянды тағамдар туралы білді. 3.10.2022ж. Тәрбие сағатының тақырыбы: « Білімді ұрпақ -



жарқын болашақ!»

Танымдық белсенділікті арттырып, өз пікірлерінді тұжырымдап айтуға, еркін сөйлеуге, өзіне сенімді болуға үйрену. Оқушыларға түрлі ойындар өткізілді. Мысалы, «Бәйге» ойынында әр бала бір сұраққа тез жауап беріп отырды. «Дода» ойынында оқушылар жұмбақтың шешімін тауып, үш тілге ұпайдан 15 ұпай берілді. «Learning apps» қосымшасы арқылы шындық

аударып айтты. Әр жауапқа 5 -

және жалған тапсырмасын орындады. Оқушылар барлық ойындарға белсене ат салысты. Қоғам талабына сай өз тілін сүйетін, көп тілде еркін сөйлей білетін білімді, өнерлі, ақыл – парасаты мол азамат болып өсу керектігін оқушылар түсінді.





26.12.2022 ж. Тәрбие сағатының тақырыбы: Дебат ойыны «Мектеп оқушыларына ұялы телефон қажет пе?» Мақсаты : Танымдық белсенділікті арттырып, өз пікірлерінді тұжырымдап айтуға, еркін сөйлеуге, өзіне сенімді болуға үйрену.

Бұл пікірталасқа 8 «а,б» сынып оқушыларынан құралған жақтаушы және даттаушы тобы қатысты.

Оқушылар дебат ережелерімен таныстырылды. Дебат «Карл Поппер» форматында өтті. Дебатқа дайындалуға оқушыларға уақыт берілді. Кейін әр топтың спикерлері өздерінің кейстерімен таныстырып, сұрақтарын әрбір топқа қойып шықты. Барлық оқушылар дебатқа үлкен қызығушылықпен белсене ат салысты. Дебаттың соңында барлық оқушылар дебаттың тақырыбына байланысты өздерінің қорытынды ойларын айтып шықты. Дебаттың барлық мақсаты орындалды. Жетістіктері: өз пікірлерінді тұжырымдап айтуға, еркін сөйлеуге, өзіне сенімді болуға үйренді.

7. Көпмәдениетті және көркем –эстетикалық тәрбие



Интернаттағы оқушылардың өз қолымен жасаған еңбектері Тақырыбы: «Дені сау ұрпақ – елдің

болашағы». Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. Оқушылармен мектеп ауласына гүлдер отырғызып, құстарға үйшік жасалды. Оқушылар қоғамдық жұмысқа белсенді қатысты. 19 желтоқсан күні «Дені сау ұрпақ – елдің болашағы» атты 5 сыныптарда сынып сағаты өткізілді. Салауаттану – денсаулық туралы кешенді ғылым ретінде түсінікті қалыптастыру. Денсаулықтың құрамы бөлшектері туралы түсінік беру. Әрбір адамның денсаулығын сақтау мен нығайту жайлы түсінік беру. Денсаулыққа зиянды заттарды қолданудан бас тарту. Өз денсаулығын сақтау және нығайту жолдарын білуге тәрбиелеу. Сынып сағатында алға қойған мақсатқа жетілді, оқушылар: салауаттану – денсаулық туралы кешенді ғылым ретінде түсініктерін қалыптастырды. Адамның денсаулығын сақтау мен нығайту жайлы түсінік алды.

10.10.22 жылы. 8-9 сыныпта өткізілген тәрбие сағаттарының Тәрбие тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз». Оқушылардың сыбайлас жемқорлық туралы білімдерін тереңдету, Заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, саяси сауаттылыққа баулу; Оқушылардың өз құқықтарын қорғай білуге үйрету. Оқушылар жұптық жұмыс жасай отырып, өзара бірлесе және ұжыммен жұмыс жасады. Ұсынылған бейнебаян бойынша өз ойларын ортаға салды. Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, тақырыпты аша отырды. Сабағымызды қорыта келе балалар біз сіздермен ойлана отырып бірлескен түрде ынтымақтастықта жұмыс жасады. Бір –біріне сенім білдіріп, биік жетістікке жетеміз. Бүгінгі таңдағы елімізде болып жатқан түрлі құқық бұзудың жолдарына тосқауыл болу сендердің өз еріктерің, шешілмейтін мәселе болмайды, әр мәселеде шешім бар, сондықтан әр қадамдарыңды ойланyp жасайды- деп сенеміз.

14.11.22 ж. «М.Әуезовтың 125 жылдығы». Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы оқушылардың білімдерін жүйелеу. Оқушылардың өзіндік ізденіс жұмыстарына баулу, ой-өрісін, рухани жан дүниесін байыту. М.О. Әуезовтің шығармалары туралы мәлімет беріліп, “Мұхтар Әуезов” деген видеороликті тамашалады. Топтық жұмыс жасалды. Топқа тақырып бойынша бекіту сұрақтары берілді.

27.02.23



ж. Тәрбие сағатының тақырыбы: «Алғыс айту күні». Балалардың «сыйластық» құндылығы туралы түсініктерін кеңейту

Сергіту сәті ретінде ойын: "Сымсыз телефон" ойынын ойнады. Ғажайып сөздер: Жақсылық жасау. Алғыс айту. Ризашылық білдіру. Рақмет сөздерінің мағынасын түсіндірді. Кімдерге рақмет айтатыны туралы сөз қозғады.

Жетістіктері: балалардың «сыйластық» құндылығы туралы



түсініктерін кеңейтілді.

06.03.23 ж. «Ана- өмірдің шуағы». Оқушыларды ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеп, сыйлауға тәрбиелеу. Мақал-мәтелдердің жалғасын табу тапсырмасын орындады. Қызықты сұрақтар айдары топтық жұмысы орындалды. Соңында оқушы қыздар мадақтамалармен марапатталды.

Жетістіктері: Оқушыларды ананың еңбегін ақтауға, анаға деген сүйіспеншілікке, ананы құрметтеп, сыйлауындарын айтты.



10.10.2022ж «Дін және шындық» атты тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру, діни экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу. 02.05.2023 ж «Білімді мыңды жығады» атты тәрбие сағаты өтті. Оқушыларға мақалдың мағынасын ашқыза отырып, білімді мыңды жыға алатындығын дәлелдеу барысында ойнай отырып, білімдерін шыңдау. Логикалық ойлау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту.



03.10.2022Тақырыбы: Ұстазым, менің ұстазым»

Мақсаты: оқушыларды азаматты білімді ететін тұлғаларды құрметтеуге, қадірлеуге баулу.

10.10.2022ж «Дін және шындық» атты тәрбие сағаты өтті. 12 А сыныбы

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік құру, діни экстремизм мен лаңкестіктің алдын алу.

Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие

тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік –мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру

бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзіңді-өзің жеңу,

өзіне - өзі ие

өзіндік

Соны мен қоса

ісі» атты

Адамдарға

шынышылдық сияқты адами құндылықтардың алтын орны, олардың адамдар үшін маңызы жайлы, адалдық пен

шынышылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептілік ережелерін қадағалауды үйрету;



бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру.


3-4 сыныптар арасында «Адалдық -ардың тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: жақсылық ойлау, ондағы адалдық, әділдік,



Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие тәрбие бағыттары жаңа мазмұнда енгізілген бағыттар. Әлеуметтік –мәнді және жеке қасиеттерін қалыптастыру бағыты бойынша адам - ең жоғарғы құндылық екенін оқушыға түсіндіру болып келеді. Ең ұлы жеңіс өзінді-өзің жеңу, өзіне - өзі ие бола білген адам ғана барша жұрттан күшті. Әрбір адамның қоғамдағы алатын өзіндік мәртебесі, өз орны бар екеніне сендіру.

Сабақтың тақырыбы: «Адалдық-адамдықтың белгісі» Мақсаты: Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру. Адалдық, шыншылдық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ету;

Адал,шыншыл болуға тәрбиелеу



Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Мақсаты: Салауатты психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, анықтау біліктілі

Тәрбие сағатының тақырыбы: Жолда жүру ережесін жүру ережесімен таныстыру .

2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің

3"А" сынып оқушыларын жол белгілерімен таныстырып,оқушылар жол ережесін үнемі сақтап жүру айтылды.Жолда жүру ережесінің белгілерінің суретін салды.



өмір салты, дене дамуы және денсаулыққа зиян келтіретін факторларды

сақтайық! Мақсаты: 1.Оқушыларды жолда

белгілерімен жүре білуге үйрету.



Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесінде алға қойылған

міндеті оқушы бойында теріс әсерлерге қарсы тура алу қабілетін қалыптастыру, дене еңбегі, психикалық, әлеуметтік және рухани аулық туралы түсініктерін қалыптастыру болып табылады. 1 «а» -4 «а» сыныптар арасында «Жолың болсын балақай! » атты тәрбие сағаты өтіп. Оқушыларға жолда жүру ережелерін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін,қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіп екенін түсіндіріліп айтылды. Сонымен қоса,

"Көктемдегі қауіпсіздік ережесі" мен таныстырылып, оқушыларға көктемдегі қауіпсіздігі туралы түсіндіріп, салауатты өмір салтын, эстетикаға, қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы айтылды.



Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. «Шынықсаң



психологиялық денсаулық анықтау біліктілігін шымыр боласың! 5-7 сыныптарында өткізілген тәрбие сағаттары



Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»

Мақсаты: 1. Оқушыларға адам

құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру; «жемқорлық» деген не екенін түсіндіру арқылы

Оқушылар топтық жұмыстар жасап, пікір – талас жүргізді желто 26.12.2022ж. «Төрлет, құтты жаңа жыл!» атты барлық сыныптарда сынып сағаттарында: оқушыларға Жаңа жыл туралы ұғым беріп, жаңа жылды татулықпен, достықпен, бірлікпен өткізуге баулу. Жаңа жылда барлық бойларында бар өнерлерін ортаға салып үйрету. Көңілді өткізу өз қолдарында екенін түсіндіру.

6.03.2023ж. 7-8 сыныбында ұлдардың ұйымдастыруымен «Анашым ардақты жан» атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту. Ана алдындағы парызы мен қарызы туралы білім беру. балаларды анаға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, мейірімділікке, сый құрметке тәрбиелеу болды. Оқушылар аналарына арналған ізгі тілектерін айтып, құттықтауларын жолдады. Сыныптың ұлдары қыз балаларға шағын концерт ұйымдастырып, көңіл күйлерін көтерді. Әр – түрлі ойындар мен әндер шырқалды



5.05.2023ж. Сыныптарда ұлдардың

ұйымдастыруымен

«Елімнің батыр ұлдары» атты сынып сағаты өткізілді. Мақсаты: Ұлы жеңісті дәріптеу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Оқушыларды Ұлы Отан соғысындағы ерлік көрсеткен

қазақстандықтардың ерлік істерімен қастерлеп, рухын көтеру, үлгі өнеге тұту, ой - өрісін дамыту. Оқушылар жеңіс күніне арналған ізгі тілектерін айтып, құттықтауларын жолдады. Сыныптың қыздары ұл балаларға шағын концерт ұйымдастырып, көңіл күйлерін көтерді. Әр – түрлі ойындар мен әндер шырқалды.



тақырыбы: «Дені сау ұрпақ – жарқын

Мақсаты: Денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, оны сақтай микробтардың ағза қауіптілігін, кір қолдың қандай ауруларға ұшырататынын, жолдарын түсіндіру. Денсаулықтың адам өмір сүруі үшін аса қажеттілігін, өміріндегі маңызы, микробтардың ағза қауіптілігін, кір қолдың қандай жұқпалы аурулардан сақтану жолдары презентация көмегімен түсіндірілді. айта білуі, өздері ой - түйін жасай білу дағдыларын дамытуға байланысты қойылды. 20.02.23 ж. Тәрбие сағатының тақырыбы: « Нашақорлыққа жол

әлемді алаңдатып отырған нашақорлық, СПИД, арақ, темекі сияқты зиянды әрекеттердің белең алып бара жатқандығын ескерте отырып, оны болдырмаудың алдын – алуға тәрбиелеу. Оларды жаман әдеттерден сақтандыру. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту және тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан-жақты меңгерту, зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру. 24.10.2022ж «Шынықсаң шымыр боласың». Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату. 30.01.2023ж «Зиянды әдеттерден аулақ бол»

Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.



30.01.2023ж.Тақырыбы: «Су тіршілік көзі» 11 А сыныбы. Мақсаты: оқушыларды жалпы зиянды әдеттерден аулақ болуға, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Балалар топқа бөлініп жұмыс жасады: Оқушылар алдын ала осы тақырыпқа ақпараттар жинақтап дайындалып келген болатын. Бар ақпараттарын ортаға салып бөлісті.

«Шынықсаң шымыр боласың» 12 А сыныбы

Сыныптарда өткізілген тәрбие сағатта



22.10.2022ж. Тәрбие сағатының болашақ»

білудің адам өміріндегі маңызы, жұқпалы аурулардан сақтану



оны сақтай білудің адам ауруларға ұшырататынын, Оқушылардың өз ойларын проблемалық сұрақтар

жоқ!» Мақсаты : Оқушыларға



Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

2023 жылдың 8 мамырында Қарағанды қаласының «Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты» КММ-де Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің бастамасымен терроризмге қарсы бағытталған оқу-жаттығулар өтті. Құқық қорғау органдарының өкілі полиция капитаны Тәкенова Динара Қайырбекқызы мектепте өткен оқу-жаттығуларды бақылап, қауіпсіздік шараларын тексерді. Жаттығуларға мектептің қызметкерлері мен оқушылары, мұғалімдері қатысты. Оқу-жаттығулар барысында «Білім беру объектілерінде лаңкестікке қарсы қорғанысты ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық» аясында бекітілген алгоритмдер іс жүзінде пысықталды. Шара барысында мектеп ұжымына терроризмге қарсы қорғанысты ұйымдастыру алгоритмдері бойынша ұсыныстар беріліп, жедел эвакуациялау ұйымдастырылды. Сонымен қатар, техникалық құралдар – дабыл түймесі, турникеттер және бейнекамералар жұмысы тексерілді. Біз сондай-ақ жеке күзет ұйымдарының дүрбелең түймелері арқылы қоңырау шалған жағдайда олардың жауап беруін тексерілді. Бұл жаттығулардың тек профилактикалық мақсаты бар екенін ескеріңіз. Осындай лаңкестікке қарсы іс-шаралар мектепте жоспарға сәйкес жүйелі түрде өткізіліп тұрады.



2023



Ата-аналармен жұмыс

жылдың 14 сәуірінде “Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты” КММ-де арнайы шақырылған ата-аналар мен

қонақтарға арналған “Ашық күн есігі” мерекесі салтанатты түрде жоғары деңгейде өтті. Бұл іс-шарада оқушылар әсем әндерімен шашу шашып, күмбірлеген күйлер ойналды. Сонымен қатар мектеп оқушылар скрипка ансамбльдері мен оркестрлері түрлі жанрдағы шығармаларды сауатты орындауымен қонақтарды таң қалдырды. Барлық мектеп ұжымдары өнерін көрсетті: халық аспаптар оркестрі, үрлемелі оркестр, ансамбльдер, хор, кішкентай жұлдыздардың фортепиано дуэті өнерлерін ортаға паш етті. Ұлы Абайдың әндері оркестрдің сүйемелдеуімен орындалды.

Бастауыш сынып мұғалімдері мен мектеп психологі ата-аналармен қызықты тренинг өткізді. Бұл жаңаша тренинг оқушыларға білім

мейірімділік
мен мектеп
алғыстарын



берумен қатар, оқушыларды тәрбиелеуде көптеген жағымды отбасылық құндылықтарымыз бен жағымды эмоцияларымен, балаға деген жылы сөздерімен ата-аналар өзара пікірлерін айтып, мектеп ұжымы ұстаздары әкімшілігіне, жеке директорға үлкен ризашылықтарын білдіріп, айтты.

7«А», 8



«А» сыныптарының ата –



аналарының қатысуымен «Баланың бас ұстазы – ата – ана!» жиналысы болып өтті. Жиналысқа ата-аналардың біразы қатысты. Ж. мен Манапова А. Қ. баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға әсер ететінін үнемі есте сақтау керектігін айтып өтті. Ата – аналар – ананың мектеппен байланысын нығайтуы, ата – аналарды балаларға туралы слайдтар, бейнероликтерді көрсетіп, жадынамаларды оқып түсінік Балалардың жазғы қауіпсіздігінің алдын – алу мақсатында әрбір ата – шомылуға көңіл бөлуді, білмесе қастарында жүріп, үйрету туралы айтылды. Жаз мезгілінде балаларды үлкендердің қарауынсыз өзенге, каналға жібермеу керектігін, балаларға суға түсу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін үнемі естен шығармау керектігін түсіндірілді. Балаларды судағы қауіпті жағдайлардан қорғау әрбір ата – ана міндеті екендігін естен шығармауымыз керектігін айтып жеткізді. Судағы негізгі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап естен шығармау үшін оларға бейнероликтер көрсету арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата – аналарға жадынамалар тратылды. Ата – аналардың көңіл күйлерін көтеру мақсатында әр – түрлі ойындар мен топтық жұмыстар жасалып, жиналыс өте жоғары деңгейде өтті. Ата-аналар ризашылықтарын білдірді. Оқу жылы барысында өткізілген тәрбие іс-шараларына ата-аналар да үнемі қатысып, тығыз байланыста болды. Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру. 19.09.2022ж 10, 11, 12 «А» сыныптарында сынып ата-аналарымен "Оқушының міндеті мен құқығы" тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста ата-аналар комитеті, қамқорлық кеңесі сайланды. Ата-аналар оқушының құқығы мен міндеті туралы білімдерін жаңартты және де "Бала тәрбиесіндегі басты ұстанымымен" бөлісіп, өзара тәжірибе алмасты. Жауапкершілік танытып жиналысқа қатысқан, белсенділік көрсеткен ата-аналарға рақмет. 29.05.2023 ж 10, 11, 12 «А» сыныптарында «Мектеп, оқушы, ата-ана - үштік одақ» деген тақырыпта жаңа форматта ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында жыл қорытындысы талқыланып, келесі жылға қандай дайындық керек екені айтылды. Оқушылар ата-аналар алдында жылдық есеп беріп, өз партфолияларын көрсетті. Жиналыс соңында оқушылар ата-аналарға концерт қойды. Ата-аналар да қобыздың сүйемелдеуімен Шәмші Қалдаяқовтың әндерін айтты. Сонымен қатар, ата-аналар мен оқушылар жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен танысты. Жиналыс жоғары деңгейде өтті. Ата-аналар өз ризашылығын білдірді.



тақырыбында мектепте Сынып жетекшілер Жүніс Н. ретінде қалыптасуына үлкен жиналысының мақсаты мен ата жауапкершілікпен қарауы керек жұмыстары жүргізілді. ананы өз балаларын суға

«Өнегелі өмір» жобасы бойынша өткізілген атақты адамдармен кездесу іс- шаралары:

2022 жылдың 11 қазан айы , сағат 14:00 - де “ Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты” КММ , үлкен залында “ Өнегелі өмір” атты жоба аясында, композитор, өнертанушы, халық күйшісі Ахат Әукенұлы Байбосынов шеберлік-сынып кездесуі өтті. Мектеп директоры Илимбаев Қайырбек Напталұлы өз сөзімен кездесуді бастады. Халық аспаптар бөлімінің ұстазы Сәрсембеков Жеңіс Дайырұлының ұйымдастырумен өткізіліп, бөлім ұстаздары және шәкірттері қатысты.

Бүгінгі кешімізде күйші жайлы ақпарат айтылып өтті. Ахат Байбосынов өзінің шығармашылығымен таныстырып өтті: “Орқиік”, “Аққу үні” , “ Шіркін-ай” , “Ұлытау” , “Тұңғиық” , Қадыр қосбасар” т.б күйлердің авторы. Тоқа Шоңмаңұлының

(Сайдалы Сары Тоқа) 30 шақты күйін зерттеп жарыққа шығарып, “Алқалы қосбасар” атты оқулық хрестоматия кітабын жазды. Бұнымен қоса өзі орындап, шығу тарихын жеткізіп, орындау шеберлігін айта кетті. Кездесу барысында біздің мектебіміздің ұстазы Теміреев Ерасыл және оқушы Бестемір Аида, Оракова Жазира өз өнерлерін көрсетіп, сұрақтарын қойып, Ахат Байбосынов кеңесін айтты. Көрермендер арасынан сұрақтар қойылды. Шеберлік-сынып кездесу өте жоғары деңгейде өткізілді және көрермендердің ықыласына бөленді. Кездесу соңында Ахат Байбосыновпен



14.12.2022 – «Өнегелі өмір» жобасының бағдарламасы аясында. Халықаралық байқаулардың лауреаты, «Қазақстанның 100 жаңа келбеті» жобасының жеңімпазы, өнертану кандидаты, Академиялық оркестрдің бас дирижері Тәттімбет Ерлан Бақтыгереймен шығармашылық кездесу өтті. Әңгімелесу барысында оқушылар мен мұғалімдер маэстроның өмірінен, оның балалық шағынан, қалыптасу жылдарынан, дирижер ретінде 20-ғасырдың атақты шеберінен тәлім-тәрбие алғанынан көптеген қызықты және тартымды сәттерді қызығып тыңдады. Сондай-ақ, оқушылармен оркестрдің сүйемелдеуімен ойнауға мүмкіндік беру үшін оқу орнының Академиялық халық аспаптар оркестрімен ынтымақтасуын ұсынылды., мектеп ұжымы мен оқушылар алғыстарын ерекше толғанған қуанышпен айтып, кездесу жоғары деңгейде өтті.



10 ақпанда Қарағанды қаласының «Мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаты» КММ-ның акт залында «Өнегелі өмір» жобасы аясында жас ұрпақты әскери-патриоттыққа тәрбиелеу және Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуының 34 жылдығына арналған ауған ардагерлерімен «Ауғанның асуында от кешкендер» атты тақырыпта кездесу өтті.

Мектебімізге Ауған соғысының ардагерлері - Алимжанов С. Б., Уторбаев С. Х., Жаканов С. А., Тоқтабаев С., Жұматаев А., Маханов Н. қонаққа келді. Оқушылар ардагерлерді оркестрмен қарсы алып, марш ойналды. Мектебіміздің әскери жетекшісі Т.Ж. Бакиров пәрменімен ҚР Гимні шырқалды. Соғыстан қайтып оралмаған ардагерлерімізге 1 минуттық үнсіздік жарияланды. Оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, шағын концерт қойды. Одан кейін Ауған ардагерлерімен сұхбаттасып, олардың өмірлерінен ақпарат алды. Оқушылар оғыстың сұрапыл жылдарынан сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдады. Біздің мектептің балаларына қаншама оқиғалар мен жағдайлар туралы айтып берді.

Кездесуді еске алу үшін ардагерлерге «Алғыс хат» пен естелік сыйлықтар берілді. Мектептің «Қонақтар кітабына» оқушыларға интернационалист жауынгерлерден ізгі тілектерін жазды. Дәстүр бойынша оқушылармен фото-суретке түсіп, мектеп директоры Қ.Илимбаев қонақтарымызға жылы лебізін білдіріп, алғыс айтып құттықтады.



3 сәуір 2023ж. "Өнегелі өмір " жобасының аясында Тәттімбет атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрінің Мәдениет саласының үздігі Боранбаев С.Ж.(баян) және Мәдениет саласының үздігі Жакупова М.С.(қобыз прима) әртістерімен кездесу өтті. Кездесу барысында



әртістер, балалармен түрлі лайфхак, мотивация, өмір және шығармашылық жолында болған әртүрлі қызықты оқиғаларымен бөлісіп, балалардың музыкаға, өнерге, білімге деген қызығушылықтарын одан әрі жандандырды. Кездесу жоғары кәсіби деңгейде өтті.

2023 жылдың 19 мамырында «Өнегелі өмір» жобасы аясында «Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты» КММ-де Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген қайраткері, Еуразия халықаралық университетінің құрметті профессоры Қасейінов Дүйсен Қорабайұлымен шығармашылық кездесу өтті. . Дүйсен Қорабайұлы ұзақ уақыт ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы қызметін атқарды. Қазіргі таңда Қазақстанның музыкалық аймақтарына кеңес береді. Кездесу ақпараттық сәттерге толы болды, мектептің музыкалық тәрбиесінің өзекті мәселелері көтерілді. Дүйсен Қорабайұлы өзінің шығармашылығына байланысты іс-тәжірибесімен бөлісті.

Кездесу соңында мектеп оқушыларының шағын концертті қойылды. Дүйсен Қорабайұлы концертке қатысқан оқушылар мен барша ұстаздар қауымының кәсіби жолына үлкен жетістіктер мен шығармашылық шабыт тіледі. Кездесу өте жоғары деңгейде өтті.



«САМУРЫҚ» дебат клубының өткізген іс – шаралары

25 қазан Республика күні мерекесіне орай "Қазақстан тақырыбында мамандандырылған музыка мектеп - интернатының пікірсайыс турнирі өтті. Пікірсайыс алаңында 11"А" сынып шықты. Мақсаты: Оқушыларды отансүйгіштікке баулу, еліне, тіліне шешендік өнерге деген қызығушылыққа тарту.



республикасының жетістіктері" 10"А", 11"А" сыныптары арасында оқушылары жүзден жүйрік болып деген сүйіспеншілік сезімге жетелеу,

Республика күніне орай мамандандырылған музыкалық мектеп -интернатында 2022 жылдың 3 қарашасында «Мен өз елімнің азаматымын» атты мектепішілік дебат турнирі өткізілді. Турнирді өткізу қорытындысына байланысты ақтық мәреге 10 "А" сыныптың "Самұрық" және 11"А" сыныбының "Қыран" топтары бақтарын сынауға шықты. Төрешілер шешімімен "Самұрық" тобы жеңіске жетті.

10 "А" сынып оқушысы Мамитова Алина спикерлік ұпай сандарымен үздік спикер атанды. Ақтық мәреге жеткен "Қыран" тобының мүшелері Мусаев Арманға, Сатанов Рамазанға және "Самұрық" тобының мүшелері Мамитова Алинаға, Хә Романға мектеп ұжымы мен "Самұрық" дебат клубы өз алғысын білдіреді.

<https://www.instagram.com/p/CIERziAslp->

Дебат турнирінің мақсаты: Дебат клубының мүшелерінің көкірегінде құштарлығын ояту. Өз ойларын көпшілік алдында еркін жеткізе білуге

2022 жылдың 17 қарашасында мамандандырылған музыкалық мекемелерінде балаларға зорлық-зомбылық пен қатыгездік" оқушылары арасында К. Поппер форматы бойынша пікірсайыс ойыны

(<https://www.instagram.com/p/CleO576LNGa/?igshid=NTY1MGJiNDNiYw==>)




[/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==](https://www.instagram.com/p/CleO576LNGa/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==) қазақтың шешендік өнерге деген дағдыландыру.

мектеп -интернатында "Білім алу тақырыбында 10 -11 сыныптар ұйымдастырылды.



Қарағанды облысы бойынша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында 2022-2023 оқу жылдарына арналған пікірсайыс қозғалысын дамытудың облыстық жұмыс жоспарына сәйкес 2022 жылдың 25 қарашасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне орай мектеп оқушылары арасындағы пікірсайыс турниріне мектебімізден 10 "А оқушылары белсенді қатысты . Жетістіктеріміз:



<https://www.instagram.com/p/ClgGIHlMwIh/?igshid=NTY1MGJiNDNiYw==>

«Тұлғаның адамгершілік-рухани дамуы, арнайы және қосымша білім беру» бөлімі, "Сарыарқа дарыны" балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен 2023 жылдың 25 қаңтарында мектеп оқушылары арасында республикалық Ұлттық пікір-сайыс (дебат) турнирінің облыстық кезеңі Теміртау қаласындағы Қарағанды Индустриялық Университеті базасында өткен болатын. Осы облыстық кезеңге



мамандандырылған музыкалық мектеп-интернатымыздың дебат клубының мүшелері, 10 «А» сынып оқушылары Мамитова Алина мен Самарқан Жаннұр қатысқан болатын. Пікір-сайыс алаңы қызу өтті. Мектебіміздің «Самұрық» командасы «Бил 1», «Жамбыл» сияқты мамандандырылған мектептермен сайысқа түскен болатын. Ұлттық пікір-сайыс (дебат) турнирінің облыстық кезеңінің қорытындысы бойынша спикерлік ұпай санына байланысты мектебіміздің «Самұрық» командасының І спикері Мамитова Алина «Үздік спикер» атанды, диплом мен сертификаттарға иеленді.



Қарағанды облысының Білім басқармасы "Сарыарқа дарыны" балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми практикалық орталығымен ұйымдастырылған 2023 жылдың 9-11 маусым аралығындағы "САРЫАРҚА-ПІКІРТАЛАС АЙМАҒЫ" 9-10 сынып оқушылары арасында ІІ облыстық пікірсайысшылар слеті Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауыл аймағы, Бектауата шатқалындағы балалар сауықтыру "Факел" лагерінде арнайы бағдарлама аясында өтуде. Осы пікірсайысшылар слетіне мектебіміздің оқушылары Мамитова Алина, Зәйкен Шахназ қатысты. Аталмыш "САРЫАРҚА ПІКІРТАЛАС АЙМАҒЫ" оқушыларымызға құнды тәжірибе алуға мүмкіндік берді. Қарағанды облысының Білім басқармасы "Сарыарқа дарыны" балаларға қосымша білім беру аймақтық ғылыми практикалық орталығымен ұйымдастырылған 2023 жылдың 9-11 маусым аралығындағы "САРЫАРҚА-ПІКІРТАЛАС АЙМАҒЫ" ІІ облыстық пікірсайысшылар слеті өз мәресіне жетті. Мектебіміздің пікірсайысшылар тобы АЛҒЫС ХАТТАРДЫ иеленді. (<https://www.instagram.com/p/CtbUmwRrwUX/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>)



Жетістіктер:

- клуб мүшелерінің сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамыту, қоғамның әлеуметтік-саяси бағдарланған азаматтарын қалыптастыруда;
- дін, өнер, экономика, қоғам өмірі және т.б. тұрғысынан қазіргі әлемнің түрлі мәселелерін қарастыру арқылы шешендік өнердегі қабілеттерін іске асыруда т.т.

- дебат клубымыздың мүшелері «Сарыарқа саңлағы» облыстық жастар жобасы аясында өткізілген бірнеше облыстық және «Ұшқыр ой алаңы» мектеп оқушылар арасында республикалық пікірсайыс (дебат), "САРЫАРҚА-ПІКІРТАЛАС АЙМАҒЫ" ІІ облыстық пікірсайысшылар слеті турнирінің бірнеше кезеңдеріне белсенді қатысып сөз шеберліктерін шыңдауда.

Қорытынды:

Қорытындылай келсек, жыл бойы өткізіліп жатқан мектеп ішілік, қалалаық, облыстық іс – шаралар оқушылардың дебат алаңында өз тәжірибелерін шыңдауға жетелеуде. "САРЫАРҚА-ПІКІРТАЛАС АЙМАҒЫ" І-ІІ облыстық пікірсайысшылар слеті турнирі оқушыларға АПФ форматы бойынша әдіснамалық нұсқау болды деп айтуға болады. Алайда

оқушыларымыздың спикерлік шеберліктерін жетілдіру - мектебіміз бен клубымыздың мақсаты болып отыр. Алдымызда күтілетін ойындарда жинаған тәжірибемізді сәтті қолданамыз деп ойлаймыз.

2023 жылдың 15 маусымында “Мамандандырылған музыка мектеп-интернаты” КММ-де 9-сынып оқушыларына аттестат тапсыру рәсіміне орай салтанатты жиын өтті.

Жиын қонақтары: Қарағанды білім басқармасының басшысының орынбасары Бөлкенбаев Азамат Тілеуұлы оқушыларға ізгі тілектерін білдіріп, оқу озаттарына қызыл аттестаттарын тапсырды, Қарағанды білім басқармасының бас маманы Серикова Арай Жастлековна мен мектеп директоры Илимбаев Кайырбек Напталович оқушыларға, құттықтау сөздерін арнап, оқушыларға аттестаттарын тапсырды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Кусаинова Алмагуль Жансултановна оқушыларды, ата-аналарды құттықтап, мектеп және сынып іс-шараларына белсене қатысқан ата-аналарды “Алғыс хатпен” марапаттады. Сынып жетекшілері - Тулешова Райгүл Каюповна мен Каримова Асылзат Нуридиновна түлектерді құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

Жиын барысында 9-сынып түлектері өз өнерлерін ортаға салып, шағын концерт қойып, мерекелік іс-шараны әсем ән мен күйді шарықтата ойнап, ерекше қуаныш сыйлады.

Ата-аналарымыз Әділхан Әбдікәрімұлы атамyz бен Кадирсизова Ляззат Исаковна мектеп ұжымына, оқушыларға,



сынып жетекшілерге алғыс айтып, тілек білдірді.

Түлектер салтанатты жиынды көңілді әнмен аяқтады.

21 маусым күні мектепте акт өткен «Сертификат тапсыру» атты мерекелік іс-шара өтті. Шараға ұстаздар, ата-аналар, қонақтар және 12-сыныптың барлық түлектері қатысты. Мереке Қазақстан Республикасының әнұранын орындауымен басталды.

Мектеп директоры Илимбаев Қ.Н. өз сөзінде мектеп тарихында алғаш рет мектепті екі түлек «Алтын белгі» белгісін алып, барша түлектерді құттықтап, жоғары оқу орындарына грантқа оқуға түсуге тілектерін білдірді. Одан кейін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сүлейменова Ж. С. аттестарын тапсыру туралы бұйрықты оқыды. Мұнан соң мектеп әкімшілігі түлектерге жалпы орта білім беретін мектепті бітіргені туралы аттестат пен музыка мектебін бітіргені туралы куәлікті табыс етті.

Түлектер ата-аналарын құттықтағаннан кейін мектеп және мектеп өмірі туралы алғыстарын айтып, шағын попури көрсетті. Олар ұстаздарға алғыстарын поэтикалық күйде білдірді. Мерекелік жиын жоғары деңгейде өтті.



Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілді. Осыған сәйкес лицейде келесі жобалар іске асырылды:

«Мектептің өзін-өзі басқаруы»

«Дебат» қозғалысы

«Оқуға құштар мектеп»

«Мұғалім- ата-ана – тәрбиеші-оқушы»

«Салт- дәстүр мен әдет-ғұрып»

«Қоғамға қызмет»

«Қайырымдылық – руханият негізі»

«Жатақхана – екінші үйім»

«Салауатты өмір сәні – спорт». Тәрбие жұмысын жоспарлау кезінде ортақ мақсат белгіленіп, орындау уақытымен біріктірілген өзара байланысты тұтас жобалық жүйе пайдаланылды. Әр сынып тәрбиешісі жүзеге асырылатын шаралардың маңыздылығын түсініп, тәрбие беру процесі шеңберіндегі іс-әрекетті талдай білуге тырысты. Тәрбие жұмысының нәтижелерін бағалау кезінде үш деңгейді ескерілді: бірінші деңгей – оқушының әлеуметтенуі және күнделікті өмірде әлеуметтік шынайылықты түсінуі. Екінші деңгей – оқушының өмірлік тәжірибе мен қоғамның негізгі құндылықтарына (адам, отбасы, Отан, табиғат, әлем, білім, еңбек, мәдениет) оң көзқарасы, жалпы әлеуметтік шынайылықты құндылық ретінде қабылдауы. Үшінші деңгей – оқушының әлеуметтік іс-әрекет тәжірибесіне өз бетінше ие болуы. Аталған деңгейлерге қойылатын талаптарды ескере отырып, тәрбие үдерісін жүргізу құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуден басталып, жүйелі жұмыстар ұйымдастырылды. 7-12 сыныптарда жасы 12-18 аралығындағы ұл балалар білім алып, тәрбиеленді. 2022-2023 оқу жылында мамандандырылған музыка мектеп-интернатының мәдени-көпшілік орталықтарымен, оқу орындарымен, қоғамдық ұйымдармен, балабақшаларымен жұртшылықпен байланыстары нығая түсті, атап айтқанда, облыстық С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театры, «Шалқыма» концерттік бірлестігі, «Сарыжайлау» кинотеатрымен, облыстық Ж.Бектұров атындағы жасөспірімдер, Абай атындағы ғылыми-көпшілік балалар, Н.Гоголь атындағы облыстық кітапханаларымен, сондай-ақ, академик Е.Букетов атындағы ҚарУ, ҚЭУ, ҚМПУ, «Болашақ»

университеттерімен, облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен, «Карлаг» қуғын-сүргін құрбандарына арналған мұражайымен, Теміртаудағы тұңғыш Президент мұражайымен, Ботаникалық бақпен, Майқұдықтағы жетімдер үйімен түрлі бағыттағы іскерлік байланыстар жалғастырылды. Қаладағы ХББ «НЗМ»-мен, мамандандырылған облыстық мектептермен, Ақтоғай ауданының мектептерімен оқу-тәрбиелік, спорттық, мәдени, зияткерлік іс-шаралар ұйымдастырылып, қарым-қатынастар жетілдірілді. БАҚ құралдары: «Сарыарқа» ТВ, 5-ші канал, 1-ші Қарағанды телеарнасымен де ресми байланыстар орнатылған. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын дамыту, жеке өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Жаңа Майқұдық полиция бөлімінің, өрт сөндіру басқармасының, ішкі саясат департаментінің, әлеуметтік қорғау органдарының, жол қауіпсіздігі басқармасының, қалалық №2, №4 емханалар мамандарының көмегіне жүгіну жұмыс практикасына енгізілген.

2022-2023 оқу жылында өткізілген тәрбиелік іс-шаралар кестесі

Іс-шаралар атауы	қыркү йек	қазан	қараша	желто қсан	қаңтар	ақпан	науры з	сәуір	мамы р	маус ым тамы з	
Сынып сағаттары	36	36	32	36	34	35	32	34	32		311
Конференциялар			2								2
Дөңгелек үстелдер		1	1		1	1					4
Дебаттар	1			1							2
Сұхбаттар	6	6	8	8	8	8	10	9	8		72
Сенбіліктер	2	2	1	1	1	1	1				9
Тақырыптық семинарлар	1		1		1			1			4
Конкурстар	1	1		1	1			1	1		6
Байқаулар			1	1		1	1		1		5
Спорт жарыстары	3	1	1	1	1	1	1	1	3		13
Қайырымдылық акция		1	1				1				3
БАҚ-да шығу					1	1	1	1	1		5
Достық		1	1		1			1			4

кездесулер											
Зияткерлік сайыс				1		1	1	1			4
Ток-шоулар, TEDx	1			1				1			3
Көрмелер	1		1								2
Саяхаттар					1		1		1	1	4
Жалпы саны											431

Жоғарыдағы кестелерде көрсетілгендей жыл сайын тәрбиелік іс-шаралардың оның ішінде ток-шоу, сенбілік, спорттық шаралар, зияткерлік сайыстар, оқушы, ата-ана, тәрбиеші және сынып жетекшілерімен бірлескен саяхаттар, конкурстар саны артқан. Іс-шаралардың тек саны ғана емес, сапалық деңгейі де артты. Өйткені, іс-шараларда АКТ пайдаланылды және іс-шаралардың шығармашылық, зияткерлік жағына жете көңіл бөлінді.

Қорытындысы:

Жалпы тәрбие жұмысын қорытындылай келе, 2022-2023 оқу жылы барысында өткізілген тәрбие іс-шараларын тәрбие өз максатын орындады, ұсынылған сегіз бағыттын барлығымен толықтай жұмыс жасалды. Тәрбие іс-шараларын өткізу барысында оқушылар жас ерекшеліктері, қызығушылықтары, ата-аналар мен оқушылардың пікірі ескерілді.

Жалпы жыл бойы оқушылармен қиындықтар болған жоқ. Балалар мектептің қоғамдық өміріне белсене қатысты. Біз барлық сынып жетекшілер мен тәрбиешілер өзекті мәселелер бойынша ата-аналарымен үнемі байланыста болды және де барлығы дер кезінде қаралып, шешіліп отырды. Сынып жетекшілер оқушылардың жатақхана тәрбиешілерімен, музыка бағытындағы және жалпы білім бөлімі пән мұғалімдерімен және ата-аналармен тұрақты немі тығыз байланысты. Мектеп психологы Аманова А.Б. үнемі оқушылармен бірге, мейірімділік қатынаста оқушылармен, ата-аналармен жиналыстар өткізіп, жеке-жеке сауалнамалар жүргізіліп, қорытындылар шығарылды.

Оқушылар да өздерін әр – қырларынан көрсете білді. Сабақ барысында қиындықтар да кездесті, бірақ олардың алдын алып отырылды. Мектепте оқушылар бір – бірімен тату қарым қатынаста.

Мықты жақтары:

1. Мектепте мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық ортаның қалыптасуы
2. Тәрбие жұмысының 8 бағыт бойынша жұмыстардың толық қамтылып, ұйымдастырылуы
3. Барлық іс-шаралардың мәліметтері әлеуметтік желілерге уақытылы жүктелуі
4. Сынып сағаттарының кесте бойынша уақытылы өткізілуі
5. Іс-шаралардың материалдық базаларының жинақталуы

Әлсіз жақтары:

1. Тәрбие жұмысы бойынша тәжірибе алмасу өнімінің аздығы, авторлық бағдарламаның жоқтығы
2. Оқушылардың өткізілген іс-шараларға толық қамтылмауы

3. Мектебіміз музыка бағыты болғандықтан, оқушылардың көбісі конкурсқа қатысқандықтан, тәрбиелік іс-шаралар өткізуге уақытының тығыздығы

Мүмкіндіктері:

1. Атаулы даталарға оқушылардың көптеп қатысуы
2. Ашық сынып сағаттарын жиі өткізу
3. Ата-аналармен тренингтер, оқыту семинарын ұйымдастыру
4. Облыстық, қалалық мектептермен тәжірибе алмасу

Ұсыныс:

1. КР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы, негізінде үлгілі сынып жоспарларын баспаға ұсыну;
2. Аталған тәрбие жұмысы тақырыбы жалғастырылсын.

Шешімі:

- Жас жеткіншектердің өмірге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, патриот, қайырымды, адамгершіл, еңбекқор болуға тәрбиелеу.
- Сынып жетекшілердің мәдени қабілетін, психологиялық, педагогикалық шеберлігін көтеру
- Оқушылардан өзіндік пікірі қалыптасқан, жан-жақты, жеке тұлға қалыптастыру

Мектеп ісі нәтижелі мақсатқа құрылған тәртіппен жұмыс атқарғанда ұлтжанды, іскер, жігерлі тұлға қалыптасады. Ендеше біздің ұжымдағы ұстаз қауымының үздіксіз білім мен тәрбие берудегі шығармашылық табысқа жетудегі алар биіктері мол болмақ деп сөзімді аяқтағым келеді.